

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университетінің
«6D011300-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін орындалған Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның
«Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік
және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент»
аттығылыми диссертациясына Отандық ғылыми кеңесшісі –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Шілдебаев Жұмәділ Байділдәұлының

ПІКІРІ

А.Т.Ермекбаеваның ғылыми жұмысы бүгінгі күннің өзектілігіне
айналған қоғам талаптарына сәйкес алынған мағыналы, болашақ биолог
мамандарын пәндік және кәсіби даярлауда олардың бойында білім-білік,
іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тақырып. Аталған
жұмыс Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған
мемлекеттік бағдарламаға және білім беру стандарттарына сәйкестендіріліп
орындалған. Ізденуші А.Т.Ермекбаева, биолог бакалаврларын пәндік және
әдістемелік дайындау мазмұны құрамын аймақтық компонент арқылы іске
асырудың педагогикалық-психологиялық негізі әлі де зерттеулерді қажет
ететіндігін ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізу арқылы
көрсеткен. Аймақтық компонент арқылы биологиялық білім берудің
құрылымын жаңарту, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын Қазақстан
жыландарының биологиясы мен экологиясы арқылы өлкелендіру
студенттерде танымдық белсенділіктерін, білімнің бірнеше түрлерін
қалыптастыруға бағытталған зерттеулері жаратылыстану-педагогикалық
білім беру аясында қалыптасқан ғылыми-зерттеу әдістеріне негізделген.
Ізденушінің ұсынып отырған биолог бакалаврларын аймақтық компонентті
білім беру мазмұнына ендіру арқылы дайындау студенттердің ақпараттық
білім алуын, оқу-танымдық әрекетін арттыруға, білім беру мазмұнын
өлкелендіруге, биологиялық дайындығын сапасы іске асыруға мүмкіндік
береді. Ізденушінің зерттеулері жүзеге асыру тұрғысынан, зоологиялық
мазмұндағы бірқатар оқу пәндерінің құрамын толықтыру әрі білім беру
үдерісін жергілікті материалдар көмегімен аймақтандыру мақсатында
енгізілді.

Ізденуші Қазақстанда тіршілік ететін жыландардың биологиясы мен
экологиясын зерттеп, олардың морфологиялық, биологиялық және
экологиялық ерекшеліктерін, олардың табигат пен адам өміріндегі жалпы
биогеоценоздағы маңызын анықтаған. Аймақтық компонентті қолдану
негізінде жүргізілген ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін биолог
студенттерді пәндік және әдістемелік дайындау мазмұнында қолданған және
элективті курстар дайындалған.

Үш бөлімнен тұратын диссертацияда Қазақстанда кең таралған
жыландардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктері, маңызы,
эко жүйедегі орны толықтырылған. Ғылыми еңбекте студенттерді дайындау


мазмұны құрылымында өлкелік компонент ретінде жыландарды мысал ретінде пайдалану мүмкіндіктері мен қажеттіліктері жан-жақты талданған, биологиялық білім беру мен оқыту үдерістерінің сипаттамасы жасалған және білім берудің мазмұнын жаңартудың жолдары ұсынылған.

Биолог студенттерге «Омыртқалылар зоологиясы», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Қазақстандағы биогеоценоздар», «Өсімдіктер мен жануарлар экологиясы», «Қазақстан биоресурстары», «Эволюциялық ілім», «Цитология және гистология» пәндерін оқытуды өлкелендіруде жергілікті аймақтық компонент ретінде Қазақстан жыландарын мысал ретінде пайдалану қажеттігі дәлелденген.

Диссертацияда алынған нәтижелер нақты және шынайы, ғылымда белгілі әдіс – тәсілдерді педагогикалық экспериментте қолдану арқылы алғынған. Ғылыми еңбек әдістемелік міндеттеріне сай орындалған.

Жалпы қорыта айтқанда Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның диссертациялық жұмысының орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті белгілеген талаптарына сай келеді. Ізденуші А.Т.Ермекбаеваның «6D011300-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға жіберуге болады деп есптеймін.

Отандық ғылыми кеңесші,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



Диссертацияның тұрғын стенді жыландардың биологиялық мазмұнында жүргізу, фарм. морфологияның, биохимияның да же ғылыми-практикалық тәжірибелерін, олардың тибнесін үш ажыл сыйбасында жүргізу. Аймақтық компонентін көрсету үшін деңгейде орталық және әдістемелік дайындау мазмұнда жүргізу жүргізу. Студенттердің пәннің және әдістемелік дайындау мазмұнда жүргізу жүргізу күрстар дағындаған.

Уш белгіленген тұрғын диссертациянға Қарастыру эти критерийнің тәбиғи параметрлерінде биологиялық және экологиялық ерекшеліктері, мәдени-әдеби орталықтың тәжірибелерінің ғылыми способте студенттерді замандау